

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Республикасының Үкіметі арасындағы  
Қытай Халық Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасының Үкіметіне өтеусіз  
көмек беруі туралы хат алмасу нысанындағы келісім жасасу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 2 маусымдағы N 513 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қытай Халық Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасының Үкіметіне өтеусіз көмек беруі туралы хат алмасу нысанындағы келісімнің жобасы мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым бірінші вице-министрі Ғалымқайыр Мұтановқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қытай Халық Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасының Үкіметіне өтеусіз көмек беруі туралы хат алмасу нысанындағы келісімді Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан жасасуға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

**(РҚАО-ның ескертуі: Келісімнің жобасы қоса берілмеген)**